

2011 жылғы қаңтар - наурыз айларында Успен ауданының қорғаныс істері жөніндегі Бөлімінің шақыру учаскесінде 1994 жылы туған азаматтарды тізімге алуды өткізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Успен ауданы әкімінің 2010 жылғы 07 желтоқсандағы N 10 шешімі. Павлодар облысы Успен ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 30 желтоқсанда N 12-12-99 тіркелді. Күші жойылды - қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Успен аудандық әкімі аппаратының 2014 жылғы 26 тамыздағы N 1-18/555 хатымен)

Ескерту. Күші жойылды - қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Успен аудандық әкімі аппаратының 26.08.2014 N 1-18/555 хатымен).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33 бабы 1 тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 17 бабының, 3 тармағына сәйкес 2011 жылы Успен ауданының қорғаныс істері жөніндегі Бөлімінің шақыру учаскесінде 1994 жылы туған азаматтарды тізімге алуды ұйымдасқан түрде өткізу мақсатында **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАЙМЫН:**

1. 2011 жылдың қаңтар – наурыз айларында 1994 жылы туған азаматтар тізімін алу Успен ауданының қорғаныс Бөліміндегі шақыру учаскесінде **т і р к е у д е н** **ө т к і з і л с і н .**

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары **А . А . Д и с ю п о в а ғ а** **ж ү к т е л с і н .**

3. Осы шешім бірінші рет ресми жарияланған күннен бастап 10 күн өткен соң қолданысқа енеді.

Аудан әкімі

Н. Әутәліпов